

ХАТТАМА №9

2022 жылғы 26 мамыр

Жаңаөзен ауылы

Директор жанындағы кеңес отырысы

Қатысқандар: мектеп директоры

К.С.Байғалиев, мектеп әкімшілігі, психолог, ӘБ
жетекшілері, сынып жетекшілер

Күн тәртібі:

1. Жазғы мектеп жұмысын ұйымдастыру туралы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева)
2. Оқушылардың жазғы демалысын жоғары деңгейде ұйымдастыру туралы (директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Ж.Тагаева)
3. Сыныптардың оқулықтарын қабылдау туралы (кітапханашы К.К.Кумарсагітова)

Тыңдалды:

1. Г.Ж.Тагаева - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы «26» мамырдағы №240 бұйрығына қосымша Жазғы мектепті ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыныммен таныс болыңыздар. Жазғы мектептің мақсаттары: оқыту сапасын арттыру, білім алушылардың, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды қалпына келтіру және білімін толықтыру. Жазғы мектеп 2022 жылғы 26 мамыр мен 17 маусым аралығында барлық білім алушылар үшін жұмыс істейді.

Жазғы мектепте оқыту:

- 1-8, 10 сыныптағы білім алушыларға;
- 9 –сынып бітірушілерінің қалауы бойынша.

Жазғы мектептегі сабақтар қашықтықтан білім алған білім алушылар үшін ерекше маңызды. Жазғы мектепті сапалы ұйымдастыру туралы бұйрық шығарылды.

Орта білім беру ұйымдарында жазғы мектептің сабақ кестесі мен жұмыс жоспары бекітілді. Кесте құрылған топтарды, сыныптарды ескере отырып жасалды. Жазғы мектеп білім алушыларының оқу жетістіктері бағаланбайды, үй тапсырмасы берілмейді. Жазғы мектепте мектеп кітапханашысына, цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Сабақ өткізу кезінде педагог:

- Балалардың эмоционалдық көңіл күйіне назар аудару және оқуға қолдау көрсету;
- Сабақта білім алушылардың шамадан тыс жүктемесіне жол бермеу;
- Қажет болған жағдайда, физикалық жаттығулар жасау.
- Білім алушылардың сабаққа еркін формада қатысуына жол беріледі.
- Топтармен сабақтар өткізуге рұқсат беріледі.
- Оқу пәндері бойынша сабақ ұзақтығы -40 минут, күніне 3-4 сабақ.

- Кестеге балалардың оқу әдетін қалыптастыратын күнделікті 20-30 минуттық кітап оқуды қосу ұсынылады. Кітаптарды топтық талқылау, түсіну, талдау, салыстыру, қорытынды жасау арқылы оқу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.
- Дене шынықтыру мұғалімдері жаттығулар, қозғалмалы ойын спорт түрлері: волейбол, футбол, баскетбол, және т.б бойынша сабақтар ұйымдастырады.
- Педагог психолог психологиялық тренингтер ұйымдастырады, сынып жетекшілер, тәрбиешілер түрлі дамытушы тақырыптар бойынша тренингтер өткізеді.
- Күннің соңында қызығушылықтары бойынша тренингтер өткізеді.

2. Г.Ж.Тагаева - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

«К.Шакенов атындағы орта мектебі» КММ де балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашан да маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытындағы балалардың демалуына, танып білу, шығармашылық жәе қоғамдық белсенділігін арттыруға, балалардың өзін өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамуға, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық, спорт, саяхат пен өлкетану және басқа да танымдық қызмет түрлеріндегі білім мен іскерліктерін арттыруға жағдай жасау мақсатында I маусымынан мектеп оқушылары үшін жазғы «Айналайын» сауықтыру лагері басталады. Мерзімі I маусым 01.06.2022-21.06.2022, II маусым 23.06.2022-14.07.2022. Жазғы каникул балалардың жылдық бос уақытының айтарлықтай бөлігін алады. Ол мектептегі сабақтан гөрі баланың еркіндікке, өзі үшін қызықты істерді жасау және мүдделерін еркін дамуы үшін қажеттіліктерін жүзеге асыратын кезең. Сондықтан лагерь жұмысы балаларға өзінің сан түрлі талантын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңді жеке басының жақсы жақтарын ашып көрсетуге жағдай жасауға, балалар арасында рухани және эмоционалдық құндылықтарын алмасуға, жеке басының мүдделерін жүзеге асыру үшін пайдалану керек.

3. К.К.Кумарсагитова - мектеп кітапханашысы.

Мектеп бойынша 2021-2022 оқу жылында 1-11 сыныптардан оқулықтарды қабылдау кестесі құрылып қабылдау жұмысы басталды. Қабылданған сыныптардың оқулықтарының жағдайы жақсы.

Мерзімі	Уақыты	Сыныбы	Жауапты
20 мамыр	10.00-10.30	1 «А»	Абиленова Г
20 мамыр	10.00 – 10.30	1 «Ә»	Калиева А
20 мамыр	10.00 – 10.30	2 «А»	Нурмухаметова С
20 мамыр	10.00 – 10.30	2 «Ә»	Рахимғалиева А
20 мамыр	10.30-11.00	3 «А»	Доненбаева С
20 мамыр	10.30-11.00	3 «Ә»	Дүйсенбаева А
20 мамыр	10.30-11.00	4 «А»	Кумарова М
20 мамыр	10.30-11.00	4 «Ә»	Бақыт Г
20 мамыр	11.00-11.30	5 «А»	Мукаштаев Н
20 мамыр	11.00-11.30	5 «Ә»	Бақытқызы Г
20 мамыр	11.00-11.30	6 «А»	Бейсембина А
20 мамыр	11.00-11.30	6 «Ә»	Болт Н
20 мамыр	11.00-11.30	7 «А»	Мукатова Д
20 мамыр	11.00-11.30	7 «Ә»	Сулейменова С
20 мамыр	11.00-11.30	8 «А»	Ахметова А
20 мамыр	11.30-12.00	8 «Ә»	Нысанғалиева Д
20 мамыр	11.30-12.00	9 «А»	Ашимханова С

20 мамыр	11.30-12.00	9 «Ә»	Бажаева Т
20 мамыр	11.30-12.00	10 «А»	Солтыбаева Н
20 мамыр	11.30-12.00	11 «А»	Жақсыбаев С

Қаралған сұрақтар бойынша қабылданған қаулы:

1. Жазғы мектеп жұмысын, оқушылардың жазғы демалысын жоғару деңгейде ұйымдастыру бойынша жұмыс қарқынды жүргізілсін.
2. Сыныптардың оқулықтарын қабылдау жұмысы әрі қарай жалғастырылсын.
3. Қаулының орындалуы директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мектеп кітапханашысына жүктелсін.

Төрағасы

Хатшы:



К.С.Байғалиев

Мадыбаева А